

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

№ 3 (2016)

Павлодар

Толбаева К., Кадырова Б. М., Карипжанова Г. Т.	
Воспитательное значение пословиц-поговорок в произведении	
М. Кашкари «Диуани лұғат-ит түрк»	261
Хан Н. Ч.	
О различиях в понимании обращений в корейском и русском языках	269
Шагбанова Х. С., Бобқова Е. А.	
Литературный процесс как пространство диалога	
городской и деревенской культур	278
Шаикова Г. К.	
Особенности употребления повтора в газетных текстах XX и XXI веков ..	288
Шахин А. А.	
Виды прецедентных феноменов в ассоциативно-вербальной сети	
Л. Н. Гумилева	295
Шахин А. А.	
Авторский словарь Л. Н. Гумилева (контекст vs лексикография)	302
Щербак А. С.	
О необходимости введения курса «Современные методы	
и технологии научной коммуникации»	309
Адилбекова Л. М., Турдалиева А.	
Феномен	314
Правила для авторов	320

CONTENT

Abdykhanova A. B.	
Theory of intertextuality	12
Amrenov A. D.	
Muslim enlightenment (Jadidism) in poetry by Makysht Kaltayev	20
Amrenov A. D.	
Kazakh poetry against colonialism: the second half of the XIX th century	
and the beginning of the XX th century	27
Aitpaeva A. S., Raimbekova A. A.	
Formation of phonetic competence on the initial stage	
of language assimilation in a foreign audience	33
Abisheva K. M., Aikenova R. A., Satubayeva D. M., Imanbayeva J. K.	
Linguistic-cultural unit «kymyz» and its associative space	41
Abisheva K. M., Mukhamedzhanova L. J., Aikenova R. A.,	
Imanbayeva J. K., Ormanova A. A.	
About the problem of information and value characteristics in the literary text	48
Balmagambetova Zh. T., Nurgaliyeva A. A.	
The asymmetry of texts in translation space in the novel	
by Sh. Murtaza «The Moon and Aisha»	55
Zhanuzakova K. T.	
Mythopoetic forms in prose art system	62
Zhanuzakova K. T., Omarova D.	
The problem of tradition and innovation in the Kazakh lyrics	70
Zhussupov N. K., Baratova M. N.	
Narrative and philosophical poems of Shakarim	77
Zhumakayeva B. D.	
Effective use of new technologies in teaching literature in	
education system	83
Ismagulova G. K., Kulakhmetova M. S.	
Classification of settlements' names of region Baden-Württemberg	94
Ismagulova G. K., Kulakhmetova M. S.	
Problems of humour in linguistics	101
Kadyrov Zh. T., Zhambek S. N.	
Serik Kirabayev – a scientist and critic	106
Kanabekova M. K.	
Secrets of archaic words	114
Kasym B. K.	
Motivation and semantics of composite names	121
Kenzhekanova K. K., Aksholakova A. Zh., Kamzina A. A.	
Evaluation character of social and political lexis	129
Kozhekeyeva B. Sh., Zhumakayeva B. D.	
The study of the legacy of Abay with the aim of forming the	
full personality	135

10 Bastauыс Mектеp Pығақығамь «Программа начальной школы». – Kızıl-Orda, 1933.

11 **Ercilasun A. B.** Başlangıçtan yirminci yüzyıla Türk dili tarihi «История тюркского языка с начала до двадцатого века». – Ankara : Akçağ, 2008.

12 **Timurtaş F. K.** Osmanlı Türkçesine giriş 1 «Введение в османский язык 1». – İstanbul : Alfa, 2013.

13 **Kutalmış M.** Keşşafüddin bin Şahmerdan. Mektubat Kırgız ve Kazak tilinde «Кешафюдин бин Шахмердан. Мектубат на киргизско-казахском языке». – İstanbul, 2004.

14 **Tekin T.** Orhon yazıtları «Орхонские письменные памятники». – Ankara : Türk Dil Kurumu Yayınları, 2014.

Материал поступил в редакцию 05.09.16.

S. L. Sorokina

Қазақ тіліндегі сөз басында келетін дифтонгтық /e/ дыбысының даму тарихына қатысты

Фатих университеті, Стамбул қ., Түркия.
Материал 05.09.16 баспаға түсті.

S. L. Sorokina

To the problem of the origin of diphthong sound /e/ at the beginning of words in the Kazakh language

Fatih University, Istanbul, Turkey.
Material received on 05.09.16.

Берілген мақала қазақ тіліндегі сөз басында келетін /e/ дыбысының даму тарихын анықтау мақсатында жазылған. Жұмыс барысында қазіргі және көне қазақ (түркі) мәтіндерінің анализі өткізіліп, көне түркі тілінде дифтонгтық /e/ дыбысының болуы ықтимал деген қорытынды жасалынды.

The aim of this article has been to define the evolution of the diphthong sound /e/ at the beginning of words in the Kazakh language. Present-day and ancient texts of the Kazakh (Turkic) language were analyzed during the research. The conclusion implies that diphthong sound /e/ could be present at the Old Turkic language.

ЭОЖ 82

Қ. Т. Төлебаева¹, Б. М. Қадырова², Г. Т. Кәріпжанова³

¹ф.ғ.к., доцент м.а., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.; ²ф.ғ.к., профессор; ³ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: masalim70@mail.ru

МАХМУТ ҚАШҚАРИДІҢ «ДИУАНИ ЛҰФАТ-ИТ ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мақалада қазіргі кезеңдегі ұрпақ тәрбиесі және тәрбие берудің жолдары сөз болады. М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» жинағындағы мақал-мәтелдері өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл ағартушылардың тәлім-тәрбиелік идеяларымен үндестік табуы және мақал-мәтелдердің негізгі тақырыбы, көтерген мәселесі қарастырылған.

Кілтті сөздер: мақал-мәтел, ұрпақ, тәрбие, халық, ұлт, жастар, отан, ата-баба.

КІРІСПЕ

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Осы мақсатта әрбір халықтың сан-алуан ой-пікірлері мен іс-тәжірибелері ғасырлар бойы жинақталып отырған.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн екендігі айтылған [1]. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ

дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діңгегі десек те болады.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата [2], әл-Фараби [3], Қожа Ахмет Йассауи [4], Мұхамед Хайдар Дулати [5], Жүсіп Баласағұн [6], Махмұт Қашқари [7] т.б. және қазақ ақын- жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркі өркениетінің шежіресін жазып, өз есімін мәңгілік еткен данышпан ғалым, кемеңгер ұстаз Махмұт Қашқаридің («Диуани лұғат-ит-түрік») қазақша «Түрік тілінің сөздігі сөздігі» еңбегін оқып-үйрену және теориялық тұрғыдан талдау бұл тек сөздік, немесе тілтану мәселелерін ғана қарастырған еңбек еместігін, онда біздің ата-бабамыздың ұрпақ тәрбиесі бойынша тәжірибесі жинақталып, түркі халқының педагогикалық тұжырымдамасы негізделгенін айқын көруге болады. Ғұламаның тәлім-тәрбиелік идеялары немесе сөздіктегі мақал-мәтелдер өнегелі өмір сүру үшін жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берудің маңыздылығын дәріптеуге бағытталған. Сондықтан оның педагогикалық тұжырымдамасының негізгі өзегі – орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі – «ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақлақты насихатын ұстанған» ірі тұлға.

М. Қашқари сөздігінде ғылымның әр саласынан білім беру көзделген, егер білім берудің басты қызметі алдыңғы ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жеткізу болса, ғұлама ең алдымен, білім берудің осы қызметін іске асыруды мақсат етіп қойған. «Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-түрк» деген ат бердім»

дей отырып, өз оқырманына түркі өркениетінің тарихы, тілі, әдебиеті, географиясы, қоғамы және өмір салты туралы білім беруді көздейді.

М. Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» жинағындағы мақал-мәтелдері өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл ағартушылардың тәлім-тәрбиелік идеяларымен үндестік табуы болып табылады. Мақал-мәтелдердің негізгі тақырыбы адамшылық, адамгершілік және ізгілік принциптеріне негізделген тәрбие мазмұнының көрінісі екені анық. Жалпы түркілік дәстүрге, ерекшелікке сәйкес келетін тәрбие мазмұнының ізгілендіру идеясына сүйенуі заңды құбылыс.

Қазақтың әрбір баласы ата-бабаларының кім болғандығын, қандай жолдармен жүріп өткендігін мейлінше терең танып-білгені жөн. Бүгінде «Мәдени мұра» бағдарламасын насихатайтын электрондық кітапхананың жұмыс істей бастағанын білеміз. Олардың барлығы жастар тәрбиесіне оң ықпалын тигізеді анық. Соңғы кездері жастардың ұлттық санасының қалыптасуына мәдени, ұлттық құндылықтардың тигізеді әсерін жандандыру керектігі күн тәртібінен түспей отыр. Ол уақыт талабы. Бұл жайында ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, жастар тәрбиесіндегі мәдени құндылықтары деп төмендегілерді айтуға болады:

1. Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
 2. Отанды, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу. Жақсылықты судың аяғында таста, басынан ізде. «Елге, халыққа ізгілік істе» [8, 150].
 3. Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
 4. Жеті атасын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз». «Ата баласы аташ туар», «Атаға тартып ұл туар» [8, 100].
 5. Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.
- Қазаққа тән игілік пен ұлттық сана дегеніміз ол - әдептілік, бауырмалдық, қонақжайлылық, еңбекқұмарлық, ұрлық, қиянат жасамау, үлкенді сыйлау, тағы сондай сияқты [9, 23].

Қазақ ойшылдарының көзқарасындағы басты идея «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды [10, 196]. Махмұт Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдерден мысал келтірсек: «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, білімінді елге бер», «Асығыс еткен іс шала, асығыс жаққан от шала», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артында, ғұмыр сырғып жоғалар», «Ақылымды ал, ұлым менің, рақымшыл бол, әулетіңнің ағасы бол, ақылшы данасы бол, білгенінді ортақтас...», «Ұлым менің, ақыл сенің серігің», «Ашу-ыза ақылыңды алады, мажыма мылжың дүниенді тарылтады».

Мінезділік жеке адамның да, ұлттың да болмысының көрінісі іспеттес. Халықтық қасиеттеріміздің негізінде мінез жатыр. Өйткені, мінезсіз адамда қасиет болмайды. Бұл ұлтқа да тән. Ұлттық мінезі жоқ халық та солай. Тағдыры шешілер тартысты кезеңде тастүйін бірігіп, ұлттық мінез көрсете алмаған халық – қалың тобырмен тең. Ездіктің езгісінде болып, құрметтен құр қалады. Мінезді халық – намысты халық. Намысты халық ешкімге есесін жібермейді, кеудесін басқызбайды. Демек, ұлттық мінез – ұлттық намыстың егізі, бірінсіз бірі жетім.

Тектілік мінез қай кезде де халықтың парасат биігінде болуын қамтамасыз етеді, адамды аздырар жаман мінездерден сақтандырады. Қазіргі кезде сондай сақтануға тиісті жаман мінездің бірі – мақтаншақтық. Мақтаншақтық – надандықтың белгісі. Мақтаншақтық – ұлттық мінез емес. Жалпы түрік халықтары мақтануды ұнатпаған. «Рақымың болмай мақтансаң, қиын-қыстауда қиналарсың». Бұл ретте ХІ ғасыр ғылымының ірі өкілі Махмұт Қашқари сөздігінде «Түрікте өзін ұнату, мақтану жоқ. Түрік үлкен ерліктер және жанкештілік жасағанның өзінде ерекше іс істемегендей сезінеді», – деп жазады [7, 65].

Қазақ дүниесіндегі адамзат перзенті үшін үлгі боларлық құндылықтардың бірі – халықтың қонақжайлылық қасиеті деуімізге болады. Қонақжайлылық – ұлттық тәрбиенің айнасы іспеттес. Қазақтың қонақты күту мәдениеті тым ежелден қалыптасқан. Қазақтар үйге келген бөтен адамды «құдайы қонақ» деп қабылдаған, ол дәстүрді жақсы ырымға жорыған. Сол себеппен өмір мәйегіндегі басқа дүниелер тәрбиенің көмегі арқылы жүргізіліп өзінің қағидасын қалыптастырады. Сөздіктегі ман мақал оның куәсі: «Ұма келсе, құт келір», «Қонақ келсе, құт келер» [11, 121].

Кісілік ұғымы – ұлттық тәрбиенің негізгі қағидасына жатады. Кісілік қасиеттің жарқын көрінісі – адам мен адамды достастыру, адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре-сезе білу және дәріптеу болмақ. Жарық дүниемен қоштасқан адамды қазақтар ешқашан жамандамай «жақсы кісі еді» деп, әділ айтқан. Онда айтпағымыз: қандай адам болса да, оның бойында бір жақсы қасиет бар, яғни ол кісіліктің белгісі екені рас болып шығады.

Махмұт Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдер ойымызды дәлелдей түседі: «Тасты шайнамаса, сүю керек», «Мақсатқа жету үшін оралымды болу керек» [11, 194]. «Зерікпеген боз құс ұстар, саспаған ақ құс ұстар», «Кез келген мақсатқа жету үшін сабырлы төзімді болу керек» [8, 22]. «Иалнұқ оғлы иоқадзұр езгү аты алып», «Адам баласы жоғалар, жақсы аты қалар» [12, 512]. «Көкке түкірсе, бетке түсер», «Қастық істегендерге, жамандығы айналып келеді» [8, 101]. «Иылан кендү егрісін білмек теңі бойнын егрі тер», «Өз мінін көрмей, басқанын мінін айтатынды», «Жылап иректігін білмес, түйе мойнын иректійді» [11, 156]. «Кеңешліг білік үзрешшүр кеңешсізбілік ұпрашшүр», «Кеңескен білік озар, кеңессіз білік тозар» [11, 274].

Ұлттық тәлім-тәрбиенің негізгі құралының бірі – тіл. Дүниеде қанша ұлт болса, сонша мінез, сипат болмақ. Әр ұлттың өзіне тән қайталанбас ерекшеліктері болатыны талассыз ақиқат. Тіл адамдардың өзара түсінісуін, қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Ол – мәдениет пен тарихтың куәсі, жаратылыс көрсеткіші. Тіл – сезіміміздегі, арманымыздағы, ойымыздағы, әрекетіміздегі әсем сәулет өнерінің сөзге айналған әлемі. Сүйгеніміздегі, жек көргенімізді, өкпемізді, дұғамызды және балағатымызды тіл арқылы жеткіземіз, күнделікті өмірімізді тілмен көркейтеміз. Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын құралы. Жеке адам психологиясының да, қоғамдық ой-сананың да дамып-жетілуі үшін тілдің атқаратын ролі ұшан-теңіз. Сөздіктегі мақал мәтелдер: «Ердем башы тіл», «Өнер басы тіл» [11, 394]. «Ердәм ташы тіл, ердәм башы тіл», «Әдеп басы-тіл» [11, 137].

Тілді меңгеру, шешендік өнерге жетілу адамға оңайлықпен келмейді. Халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл – алмас семсер» дейді. «Ердемсізден құт шертүкр», «Өнерсіз, талантсыздан құт кетер» [8, 327].

Қазақ тарихында сөздің орны ерекше. Бітпес даудың, бәтуәсіз шудың кесімі де, шешімі де сөз болған. Лып еткен сезім, терең ақыл, кемел ой, арман-мұрат, мұң мен сыр – осының бәрі сыйған сиқыр сөздің бағасын біреу білсе, қазақтай-ақ білсін. Оның рухы, жан құпиясы, төзім-сезімі сөз күдіретімен тұтас, туыс. Сондықтан да ол үшін сөзден өткен күш, күдірет жоқ.

Көшпелі және рулық-тайпалық негізде құрылған халықтарда туыстық байланыстар қоғамдық қарым-қатынастың негізін қалайды. Рулас ағайын, туыс, жақын туыс, аталас, бір ата баласы, бір әке баласы арасында туыстық байланыстан туындайтын парыз бен қарыз міндеттер өте көп. Олар қазақтың ғұрыптық заң-салттарымен бекітілген.

Отбасында негізгі туыстық қатынас. Туыстық жүйенің ең негізі, бел ортасы - отбасы саналады. Барлық алыс-жақын туыстық – осы отбасынан есептеледі. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала.

Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Өйткені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көргенділік деп есептеледі.

Дәстүрлі қоғамда ата-апаның тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-апалар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған.

Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті.

Қара шаңырақ, үлкен үй деп атайтын әкенің үйіне болашақта кенже ұл ие болып, қарттарды бағып-қағатын, көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған.

Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны жайлы әңгімелегенде, Орта Азияны мекендеген басқа халықтардың әйелдерімен салыстырғанда қазақ қыздары мен әйелдерінің анағұрлым еркін болғанын айтқан жөн. Олар жүздерін жамылғылармен бүркемей, ашық өмір сүрген. Дегенмен, қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Түйгені көп шешесі қызымен, келінімен өмір тәжірибелерін бөлісіп, болашақ үлкен өмірге дайындайды. Туыс ағайындардың әйелдері – абысындардың қарым-қатынасы өзара көмек пен түсіністікке, берекеге құрылады. Сондықтан да, «Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп», – деген.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазаққа біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды. Сөздіктегі мақал-мәтелдерге тоқталсақ: «Рақымшыл болсаң, менмен болма», «Туғаныңның мәртебесін өсіргің келсе, сый-сияпат көрсет». «Кішік ұлыққа тұрыспас, қырғын сұңқарға қарсы шыға алмас», «Кішілер қайратты болса да, үлкендерге тең түсе алмайды» [8, 122].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, Махмұт Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігі» күні бүгінге дейін дүние жүзі ғалымдарының назарын аудартумен келеді. Түркі елі әдебиетінің ренессанстық дәуірінің бастапқы кезеңіне жататын үлкен классикалық шығарма қазіргі қазақ тілінің негізін, әдебиеттік арнасының көзін танытатын мәнді де, маңызды, түркі халықтарының мақтанышы болған құнды мұра, жазба әдебиетіміздің тұлғалы шығармасы.

Сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама беретін мақал-мәтелдер өте көп. Қазіргі жастар сөздіктегі мақал-мәтелдер мен ой тұжырымдарды ден қойып оқыса, өнегесін ойына дарытса, саналы, адамгершілігі зор азамат болып ержетіп, өмірден өз орнын табары хақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан-2030» даму стратегиясы.

2 Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. – ISBN 5-89800-123-9.

3 **Әл-Фараби**. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Арыс, 1975. – ISBN 9965-17-652-3.

4 **Қожа Ахмет Йасауи**. Хикмет жинақ / ауд. М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы, Е. Дүйсенбай/. – Алматы, 1998. – ISBN 5709 -00 – 341 -7.

5 **Мұхамед Хайдар Дулати**. Тарихи Рашиди. / ауд. И. Жеменей/. – Алматы, 2003. – ISBN 9965-44125-1.

6 **Жүсіп Баласағұн**. Құтты білік / ауд. А. Егеубаев/. - Алматы ХАНТ, 1986. – ISBN 9965 – 447 – 92 -6.

7 **Махмұт Қашғари**. Түбі бір түркі тілі /Диуани лұғат ат-түрік/. -Алматы, 1993. – 191 б. – ISBN 5-620-00890-8.

8 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т. 2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : ХАНТ, 1997. – 592 б. – ISBN 5- 620-0 0890-8.

9 **Төлешова, Ұ.** Ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері //Ұлағат. – 2000. – 23 б. – ISBN 5-628-02627-1.

10 Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан /Құрастырғандар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы : Кітап, 1992. – 196 б. – ISBN 9965-14-490-7.

11 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т. 1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : ХАНТ, 1997. – 592 б. – ISBN 9965-822-02-6.

12 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т. 3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : ХАНТ, 1997. – 592 б. – ISBN 5-620-0 0890-8.

Материал 22.08.16 баспаға түсті.

К. Төлебаева¹, Б. М. Кадырова², Г. Т. Карипжанова²

Воспитательное значение пословиц-поговорок в произведении М. Кашқари «Диуани лұғат-ит түрк»

¹Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей;

²Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 22.08.16.

В этой статье автор исследует работу лидера тюркской культуры и его значение в педагогической науке.

In this article the author investigates the work of the leader of turkic culture and his significance in pedagogical science.

О РАЗЛИЧИЯХ В ПОНИМАНИИ ОБРАЩЕНИЙ В КОРЕЙСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

В данной статье рассматриваются различия в понимании обращений в русском и корейском языках. Обращения, как одна из наиболее часто употребляющихся языковых единиц, несут в себе национально-специфическую нагрузку, имеющую определенный культурный фон, который создает сложности не только для понимания отдельной формулы обращения, но и на определение класса обращений в целом. Так, если в русском традиционном понимании обращения «называют» собеседника, то в корейском понимании они также и «указывают» на него. Данное различие в определении термина «обращения» является одной из причин того, что местоимения, в отличие от местоимений русского языка, в корейском языке включаются в класс обращений.

Отсутствие в корейском языке личного местоимения 2 лица, аналогичного русскому Вы, а также развитая система вежливости в корейском языке, средствами выражения которой являются обращения, обусловило наличие в классе обращений двух видов обращений: прямых, использующихся непосредственно к собеседнику и косвенных, посредством которых называют лицо, являющимся в разговоре объектом речи.

Ключевые слова: обращения, корейский язык, русский язык, прямые обращения, косвенные обращения, местоимения

Изучению обращения, как одному из актуальных проблем в современной лингвистике посвящено значительное количество работ. Проблемы обращения исследовались В. Е. Гольдиным (1983; 1987; 2009), В. И. Карасиком (1992), Н. И. Формановской (1989; 2002; 2007), В. П. Проницовой (1971), Л. П. Рыжовой (1982), вопросы «обращения» затронуты в трудах В. В. Виноградова (1947), А. М. Пешковского (1956), А. А. Шахматова (1941), Р. Якобсона (1985), и зарубежными лингвистами: Gilman, Brown (1958), Wolff (1975), Ervin-Tripp (1972), Broun (1988), Fasold (1990) и др.